

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама 4

29.11. 2024 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында меңгеруші жанындағы кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс: әдіскер, үйірме жетекшілері

Күн тәртібінде:

- 1.Балаларды дәстүрлі халық мәдениетіне, көркем кәсіпшілікке баулу.
- 2.Еркін күрес үйірме мүшелерінің спорттық дағдыларының қалыптасуы

Тыңдалды:

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі М.Рахметова:

Үйірмелердің өз мақсат-міндеттерін ұстана отырып, балаларды дәстүрлі халық мәдениетіне, көркем кәсіпшілікке баулып, қабілеттерін ашу, әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру, қатыстыру арқылы нәтижеге қол жеткізу, сахна мәдениетін меңгерту, бейім-қабілеттеріне қарай тәрбиеленіп, қажетті білімдерін толыққанды алу қажет. Ол үшін үйірме жетекшілер үнемі ізденіс үстінде жұмыс жасауы керек.

Қосымша білім беру орталығының әдіскері Н.Еримбетова:

2024-2025 оқу жылындағы қосымша білім беру орталығының оқу-тәрбие жоспарына сай, балаларымызды өнерге, көркем кәсіпшілікке баулу, бойларындағы дарындылықты ашу, үйірмелерге тарту мақсатында үйірме жетекшілер мен үйірме мүшелері жоспар бойынша және жоспардан тыс іс-шараларға белсене атсалысты. Атай кетсек:

«Еркін күрес» үйірме мүшелері, 6 «Ә» сынып оқушысы Айдарбекұлы Ернар, 6 «Е» сынып оқушысы Жандосұлы айдын, 5 «Н» сынып оқушысы Нұрланұлы мансұр, 5 «К» сынып оқушысы Ибрагим Илияс облыстық Дүйсенов Жарқын Елеусінұлын еске алуға арналған № 1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің ашық біріншілігіне қатысып, жүлделі ІІІ орынды иеленсе, «Қылқалам шеберлері» сурет үйірме мүшелері Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» облыстық сурет байқауында 8 «Л» сынып оқушысы Жұмаханова Инабат ІІ дәрежелі Дипломмен, 7 «Ж» сынып оқушысы Балтабек Ғазиза Алғыс хатпен, Қызылорда Қалалық Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткізілген қалалық «Менің сүйікті қалам – Қызылорда!» тақырыбындағы сурет байқауында 5 «О» сынып оқушысы Рафаэль Жансая ІІ дәрежелі Дипломмен, 7 «Ж» сынып оқушысы Мырзахмет Балауса ІІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.

«Жас дарын» хор үйірме мүшелері де іс-шара мен байқауларда жетістікке жете білді. Мысалы, 5 «Г» сынып оқушысы Тотанова Айзада Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «Ертегілер әрқашан менімен бірге» шарасында өз өнерін көрсетіп Алғыс хатпен марапатталса, 7 «Е» сынып оқушысы Мырзатай Нұрай Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған қалалық «Ән аға» байқауында ұстазымен бірге атсалысып, Алғыс иеленді.

Ал «Жас домбырашылар» үйірме мүшелері 7 «Ж» сынып оқушысы Дәулетқали Ардақ, 9 «Н» сынып оқушысы Сейдуллаұлы Рамазан Қызылорда

облыстық мемлекеттік архивінің 25 қазан Республика күніне арналған «Тұғыры биік, менің елім –Қазақстан!» іс-шарасында өз өнерлерін көрсетіп, Алғыс иеленді. «Ұстазым-ұлағатым» онлайн өнер байқауында хор үйірме мүшесі, 7 «Д» сынып оқушысы Ақбала Анель эстрадалық вокал жанрында қатысып, II дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Қараша айында хор, сурет үйірме мүшелері «Өрлеу Қазақстан» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген «Алтын күз» республикалық онлайн байқауының эн, сурет номинацияларына қатысып, Жарылхасын Шариф, Ұзақбай Айсұлтан, Дарханқызы Диана, Мұратбек Хамида I дәрежелі Дипломмен, 17 қараша күні Қызылорда қаласында ұйымдастырылған «Атадан мұра» қоғамдық қорының «TURAN FEST» республикалық өнер байқауына «Көркем-ай» би тобы қатысып, жүлделі I орынды иеленіп,арнайы Дипломмен марапатталды.

13 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне орай Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіз елім – кең байтақ жерім» мерекелік шарасына «Жас домбырашылар», «Жас дарын», «Көркем-ай» би топтары қатысып, өз өнерлерін көрсетті және арнайы Алғыспен, Тәуелсіздік күніне орай Облыстық мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен өткізілген «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» тақырыбындағы дөңгелек үстелге хор үйірме мүшелері Жарылхасын Шариф, Нұрланқызы Айкөркем, Айекенов Арман қатысып, Алғыс хатпен,

20 желтоқсан күні Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен өткізілген «English for kids» үйірме қатысушылары арасындағы әдеби-сазды кешке хор үйірме мүшесі Нұрланқызы Айкөркем «Ертегілер» әнін ұсынып, Алғыспен марапатталды.

Қосымша білім беру орталығының меңгерушісі М.Рахметова:

Екінші мәселеде, 04-08 қараша күндері еркін күрес үйірме мүшелерінің спорттық дағдыларының қалыптасуын байқау мақсатында күнделікті сабақтары қадағалауға алынды. Нәтижесінде еркін күрес үйірме мүшелерінің спорттық дағдылары қалыптасқан. Әртүрлі жаттығулармен жұмыс жасап, жұптаса сайыстарға дайындалып, еркін күрестің әдіс-тәсілдерін меңгеруде. Әрбір үйірме мүшелерімен жеке-жеке жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде балаларымыз жетістіктерге де жете білді. Алдағы уақытта да мұнан да биік жетістіктерге қол жеткізеді деп сенім артамыз.

Еркін күрес үйірмесінің жаттықтырушысы Жарқынбеков Мейірбек:

Еркін күрес үйірме мүшелерінің спорттық дағдыларының жоғары дәрежеде қалыптасуына жұмыс жүргізудеміз. Сабақ сайын балалармен түрлі жаттығулар жасау арқылы сайыстарда өз-өздерін қалай ұстау керектігін меңгертіп, қарсыласына шабуыл жасау, қорғану тәрізді спорттық дағдыларды қалыптастырудамыз. Тапсырмалар, жаттығулар балаларға көрсетіліп, кері байланыс арқылы жолға қойып отырмыз.

Қаулы:

1.Үйірмелердегі оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын арттырып отыру үйірме жетекшілеріне тапсырылсын.

2.Үйірме сабақтарындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жоспар бойынша атқарылуын қадағалап отыру орталық әдіскеріне жүктелсін

Жиналыс хатшысы:



Н.Еримбетова